



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8,  
Министрліктер үйі, 5 - кіреберіс  
тел: 8 (7172) 74 36 50, 8 (7172) 74 37 27

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 8,  
Дом Министерств, 5 подъезд  
тел: 8 (7172) 74 36 50, 8 (7172) 74 37 27

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Мәжілісі

«АМАНАТ» партиясы  
фракциясының депутаттары  
М.С. Елюбаевқа,  
Г.Қ. Бижановаға,  
С.В. Имашеваға,  
Д.В. Колодаға,  
Ә.М. Рахымжановқа,  
Б.М. Сартбаевқа,  
Ж.Т. Телпекбаеваға,  
Ф.Ә. Қаратаевқа

«Ақ жол» партиясы  
фракциясының депутаттары  
Б.С. Дүйсенбиновке,  
М.Б. Раманқұловқа

Қазақстан Халқы  
Ассамблеясының депутаты  
В.Г. Набиевке

2022 жылғы 15 қыркүйектегі  
№ ДС-250

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – *Министрлік*) «нашақорлыққа тәуелділік туындататын препараттардың дәріханада сатылуы» трамадол, тропикамид және зопиклон дәрілік заттарының рецептісіз сатылуының өсуі туралы ақпараттандыра отырып, мынаны хабарлайды.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – *Кодекс*) 5-бабының б) тармақшасына сәйкес қауіпсіз, сапалы және тиімді дәрілік заттардың, медициналық

бұйымдардың қолжетімділігін және олардың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының қағидаттарының бірі.

Кодекстің 52-бабының 1-тармағына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік бақылау осы бақылау субъектілерінің Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасын және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бұзушылықтарының алдын алуға, оларды анықтауға, жолын кесуге және жоюға бағытталған.

Трамадол, тропикамид және зопиклон халықаралық патенттелмеген атауы бар дәрілік заттар рецептімен босатылуға жатады.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 426-бабында дәрілік заттар рецептісіз босатылуына айыппұл көзделген.

Бұл ретте реттелетін салаға мемлекеттік бақылау **Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне** (бұдан әрі – ҚР КК) сәйкес жүргізіледі.

ҚР КК-нің 141-бабының 3-тармағына сәйкес екінші топқа дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналымы өздеріне қатысты жоспардан тыс тексерулер, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы және бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізілетін бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) жатады.

«Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 229 Жарлығына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізілгенін атап өту қажет.

Реттелетін саладағы субъектілердің көпшілігі шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жатады, бұл жағдай мемлекеттік бақылауды айтарлықтай әлсіретеді.

«Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң), 2-бабының 1-1-тармағына сәйкес затты Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізу мынадай негіздердің бірі бойынша зат Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімдерінде, тізбелерінде, кестелерінде болған кезде жүзеге асырылады.

Заңның 5-бабының 1-1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган әзірлеген Қазақстан Республикасында

бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімін, сондай-ақ оларды қалыптастыру тәртібін айқындайды (*бұдан әрі – Тізім*).

Бұдан әрі 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 286, 296 және 297-баптарына сәйкес есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу, контрабандаға қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес осы баптар бойынша алдын ала тергеу сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізеді.

Бұл ретте ҚР КК-нің 140-бабы 3-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ҚР КК-нің күші **есірткі заттардың айналысын жүзеге асырумен байланысты бақылау және қадағалауды жүзеге асыруға қолданылмайды.**

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» және «Жедел-іздістіру қызметі туралы» заңдарына сәйкес есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау белгілері бар әрекеттер анықталған жағдайда біліктілікті тез арада тоқтатуға және өндіруге мүмкіндік беретін жария және жасырын іс-қимылдар кешені бар.

Ресей Федерациясында, Беларусь Республикасында «нашақорлыққа тәуелділік туындататын препараттардың дәріханада сатылуы» бойынша ұқсас проблемалар орын алды және осы дәрілік препараттар, сондай-ақ олардың аналогтары күшті әсер ететін, психотроптық және улы заттардың тізіміне енгізілді, аталған заттарды сатқаны үшін осы елдердің қолданыстағы заңнамасында қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Өзбекстан мен Түркіменстан Республикаларында жоғарыда көрсетілген дәрілік препараттар, сондай-ақ олардың аналогтары есірткі заттарының тізіміне енгізілгенін қосымша атап өту қажет.

Министрлік өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне «нашақорлыққа тәуелділік туындататын препараттардың дәріханада сатылуы» трамадол, тропикамид және зопиклон халықаралық патенттелмеген атаулары бар дәрілік заттарды Тізімге енгізу мүмкіндігін қарастыру ұсыныстарын жіберілгенін хабарлайды.

Сонымен қатар, Ішкі істер министрлігінің жауабына сәйкес «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 1-1-тармағына сәйкес **затты көрсетілген тізімге енгізу мынадай негіздердің бірі бойынша жүзеге асырылады:**

- БҰҰ Есірткіні бақылау бойынша халықаралық комитетінің (*БҰҰ ЕББХК*) ұсынымдары келіп түскен кезде;

- Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елдерінде бақылауға жататын есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізімдерде, тізбелерде, кестелерінде заттар болған кезде.

Осыған байланысты, ІІМ СІМ-нің дипломатиялық арналары арқылы БҰҰ ЕББХК тиісті хат жолдады (*көшірмесі қоса беріледі*), оны қарау мерзімі, әдетте, бірнеше айдан бір жылға дейін созылады.

**Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі**

**А. Ғиният**

*Орынд.: А. Асылбекова  
Тел.: 74-10-48*